КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 2 желтоқсан Іс 2713-25-00-2/2752 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Хайруллина У.Е.
хатшылықта Алимбаев Б.
ашық сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Соколова Ольга Алексеевна жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор Кадралиев С.
талап қоюшының өкілі Токжанов Б.Ж.
жауапкер Соколова О.А.
аудармашы Орынбаев Д.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 21 шілдеде тараптар арасында №79 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер 82 500 теңгеге компьютерлік, перифериялық ұйымдастыру техникасына, жабдықтар мен олардың бөліктеріне, жергілікті желіге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтер көрсету міндетіне алған, ал тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

Шартты орындау мерзімі 2025 жылғы 31 желтоксанына дейін деп белгіленген.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 2 393,50 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талап қоюмен сотқа жүгінді, онда жауапкер шартта көзделген міндеттемесін орындамағанын атап көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір сотқа түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер талап қоюмен келіспей, қанағаттандырусыз қалдыруын сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабының 4-бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (бұдан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 683-бабына сәйкес өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1-тармағына сай, орындаушы өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сотта, шарт орындалмағаны, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғаны анықталды.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуі қажет деп көрсетілген.

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 09.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.01.2026, судья Хайруллина У. Е., 13.01.2026

2713-25-3-1/2969

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талапкердің ұсынған есебіне сәйкес тұрақсыздық айыбы 2 393,50 теңгені құрайды. Есеп дұрыс жасалған.

Сондықтан, міндеттемені бұзған жауапкерден мемлекет пайдасына 2 393,50 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 038 теңге мемлекеттік баж өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

Соколова Ольга Алексеевна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Соколова Ольга Алексеевна жеке кәсіпкерінен (ЖСН 810728401478) мемлекет пайдасына 2 393,50 (екі мың үш жүз тоқсан үш) теңге 50 тиын тұрақсыздық айыбы және 2 038 (екі мың отыз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 09.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.01.2026, судья Хайруллина У. Е., 13.01.2026

2713-25-3-1/2969